

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада ленталы конвейердің автоматтандырылған электр жетегі қарастырылып, тартылу күшіне есеп жүргізілді және қозғалтқыш қуаты мен типі таңдалды. Т-тәрізді балама сұлбаның параметрлері есептелді. Сонымен қатар, жасанды механикалық және электрмеханикалық сипаттамалар тұрғызылды. Реттелетін электр жетек типі және оның жиілік түрлендіргіші таңдалды, оның негізгі элементтерінің параметрлері есептелді. ЖТ ленталы конвейір электржетегінің математикалық сипаттамасы жазылып, оның құрылымдық моделі компьютерлік бағдарлама көмегімен құрылды. Электр жетектің виртуальды моделі ойлапқұрастырылып, өтпелі үрдістер зерттелді, және оның графиктері тұрғызылды.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде ленталы конвейірдегі электр жетегін пайдалануда техника қауіпсіздігін сақтау шараларына талдау жасау, өрт қауіпсіздігі және оның факторларына, электр қауіпсіздігіне есептеулер жасалды.

Ал, экономикалық бөлімінде құралдар шығыны мен жалақы шығындары, ИТЖ мен қызмет көрсетушілердің еңбек жалақысы, жиілік түрлендіргіш енгізудің экономикалық тиімділігін есептеу жүргізілді. Яғни пайда өсіміне байланысты жылдық экономикалық тиімділік анықталды.